



тының қалдықтары да әл күшті еді. Ол өлгеннен түсіріп тұрған, оны ігеріп бастырмай тұрған жағдайдың бірі еді.

Осымен қатар, ел ішінде ынта-жігерсіздік, жалқаулық, күр сандалып, күн көшірушілік көп еді. Ел ішінде қараңғылық, дін салты, қожа-молданың ықпалы да күшті болды.

Міне, Абай өзінің осы заманын, оның өзгешелігін—шым-шытырмас қайшылықта екенін жете ұға біліп, зорлық-зомбылыққа, қанаушылыққа, ынта-жігерсіздікке, қараңғылыққа өзінің мір оғындай айбарлы, асыл жырымен батыл күрес ашты.

Абай тар заманда, «соқтықпалы сойпақсыз» жерде, халықтың игілікті ісіне қарсы шыққан топпен күрес майданына бел шешіп түсіп, жалғыз алысып, халқының көші жаңа жолға—мәдениет, өнер-білім жолына бастады. Қазақ халқының тарихын өзгертіп, жаңғырту жолында қажымай еңбек етті.

Ұлы ақын қазақ елінің дәл бүгінгідей ерікті, бәрегерлі, ынтымақ-бірлікті, шаруашылығы мен мәдениеті өсіп, дамыған бақытты ел болуын арман етті.

Абай қазақтың әрбір ұл-қызаның еркі, бостандығы үшін, ой санасын жетілдіру үшін күресті. Оларды халқын шексіз сүйге, халқы үшін, атам баласының игілігі үшін аянбай қызмет етуге шақырды, адамгершілікке баулыды.

Әсемпаз болма әр неге,  
Өнерпаз болсаң, арқалан.  
Сен де бір кіршіп дүниеге,  
Көтігін тап та бар қалаң!—деп ақыл айтып, игі іске жігерлендірді.

Абай қазақтың жаңа әдебиетін—материалды терең, тілі орамды, өрнегі шебер, кестесі көркем әдебиетін жасады. Шығармасында өлең өнерін жасады. «Мақсатым—тіл ұстартып, өнер пашпақ» деген сөзіне жетті. Ол халқына «Іші алтып, сырты күміс» өлең қазнасын, мәңгі өңделес асыл сөз қазнасын қалдырды. Ол қазақ халқының Абай тұсындағы тұрмыс суреті, дүние тануы, мінез-құлқы, зар-мұны, тілегі мен арманы. Ол жаңа көзге, көп шыдамдылықпен сәулетті болашаққа кәміл сенген ер халқының бейнесі.

Абай өз халқын шексіз сүйді. Өз халқын сүйу арқылы онымен тілек-арманы, тарихи дағдыры бір халықтарды сүйді. Халқына үлгі боларлық, жардем қолын созарлық ұлы орыс халқының арнасы көп бай мәдениетін, өнер-білімін сүйді. Абай орыс халқының Пушкин, Лермонтов, Крылов сыяқты ұлы ақындарынан үлгі-өнеге алып, олардың шығармаларын қазақ тұрмысына бейімтеп аударып, бұл шығармаларды қазақ халқының игілігіне айналдырды. Абайдың аударуы арқылы Пушкиннің өлеңмен жазылған «Евгений Онегин» романындағы Татьянадың

Абай шығыс ақындарына да сүйінді. Қазақ жұртшылығы олардың қазналы шығармаларымен таныстырды.

«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей». «Сақалын сатқан көріден, еңбегін еатқан бала артық» деген тақия сөздерімен Абай халықты қажырлы еңбек істеуге, игілікті іске шақырды. Ақынның еңбек, білім, өнер, адалдық, кішіпейілділік, азаматтық жөнінде нелер тамаша тақия сөздері бізге мұра болып қалды. Абай өзінің ақындық мәңгі өнісі шығармаларымен бірге бізге тамаша әндерін мұра етіп қалдырды. Ақынның «Күлақтан кіріп, бойды алатын» жақсы ән мен төтті күйі қазақ даласында шыңға өрлеті шырқалуда.

Данышпан ақын Абайдың көздеген мақсаты мен арманы орындалды. Ленин—Сталин партиясының басшылығы арқасында қазақ халқы бостандық алып, іргелі елдердің қатарына қосылды, шаруашылығы мен мәдениеті өркендеп, дәулеті арта түсті. Қазақтың түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті шарықтап өсті. Кемеңгер ақынның мәңгі өнісі шығармалары совет өкметі тұсында жарыққа шығып, халық игілігіне айналды.

Неміс қарақшыларға қарсы Ұлы Отан соғысы кезінде ұлы ақынның тамаша шығармалары майдан жауынгерлерін мәңгі өнісі ерлік істерге жігерлендіріп отырды. Жауынгерлеріміз ақынның шығармаларын оқып, бойға қуат, нәр алып шықты.

Абай—қазақ халқының даналығы болып дарыған ұлы классик ақын, қазақ әдебиетінің негізін салушы, ақыл-ойшы кемеңгері, зор әлеумет қайраткері. Оның шығармалары халық игілігі үшін социалистік Отанымыздың игілігі үшін қызмет істеуде. Сол үшін де оны халқымыз шексіз сүйеді, хұрмет етеді, оның өмірін мақтап етеді.

Абай—халқының шын ұлы. Ол өмірін халқының қайғы-шерін жазып, мерейін көтеру жолында қызмет етті. Абай халқына тек өз тұсында ғана қызмет етіп қойған жоқ, ол өзінің жарқын бейнесімен, асыл сөздерімен бүгін де қызмет етіп отыр.

Көп адам дүниеге бой алдырған, бой алдырған, аяғын көп шалдырған. Өзді деуге сия ма ойлаңдарым,  
Өамейтұғын артына сөз қалдырған—деген данышпан ақынның өз өлеңін өзіне айтуға болады.

Абай қазақ әдебиетінің асқар шыңы, таң шөлшаны. Отанымыздың ардақты азаматы болғандықтан мәңгі өлмейді. Бүкіл халқымыз, сүйікті Отанымыз кәдір тұтқанда сондайлық өлмес, хаснеті бар кемеңгер ақын, қазақ халқының ардақты ұлы Абай ақынды қадірлейді, оның есімін жүрегінде мәңгі сақтайды.

ды саяси, шаруашылық, мәдениет жағынан бұрынғыдан да өркендету дәуіріне кірісіп отыр.

Бүкіл совет халқымен бірге Кубаның колхозшы қазақтары да жаңа аямай, асқан жігермен еңбек етіп келеді. Бүкіл совет адамдарының атасы және досы Иосиф Виссарионович Сталиннің елімізге соғыс түсірген жарамы тезірек жазуға шақырғаны біздің барлық жұмысымыздың айбынды ұраны болып табылады.

Біздің Кубаның колхозшылары мен колхозшы әйелдерінің, совхоздары мен МТСтарының қызметкерлерінің, ауыл шаруашылығы мамандарының қазіргі ойлаған ойы біреуі: ол біздің бай елімізді негүрлым тез қайта өркендету, Кубанды тағы да Отанымызға тамаша бидайды, басқа да ауыл шаруашылық өнімдерін мол беретін гүлденген, бай өлкеге айналдыру.

Біздің барлық жұмысымыз осы хаснетті мақсатты орындауға бағындырылып отыр. Көктемде біздің Кубандағы «Красный партизан» колхозының үндеуі бойынша еліміздегі егіннен мол өнім алу жолындағы социалистік жарыс өркендеген кезде біз егінді негүрлым көп егуге және жақсы егуге барлық күшті жұмыс ірып, аянбай еңбек еттік. Көктемгі егісті жақсы өткізіп, біз күздік және жаздық егістерді мұқият күттік. Колхозшылар мен колхозшы әйелдердің, совхоздардың және МТСтардың жұмысшылары мен жұмысшы әйелдерінің адал еңбегі игілікті нәтиже берді.

Кубаның егіс даласында егін даңқты Кеңес жылына лайық бітік өсірілді. Бүгін Одақтық социалистік жарысты баспаушы болған «Красный партизан» колхозының мүшелері егіннің гектарынан орта есеппен 126 пұттан, ал жеке учаскелердің гектарынан 200 пұттан өнім жыйлады. Выселковский, Гражданский, Коровский, Нов-Титаровский аудандарының тағы басқа аудандардың колхоздары егіс даланың гектарынан 100 пұттан өнім жыйнады.

Казіргі кезең Кубандағы жұмыстың ең қызу кезеңі. Жүздеген колхоздар, ондаған совхоздар қазірдің өзінде егін орағын аяқтады. Бұл жұмысты Кубандағы ең ірі аудандардың бірі—Выселковский ауданы да аяқтады. Бұл ауданның колхоздары 26.367 гектар дәнді егін орды. Коровский ауданында да егін жыйнау аяқталып келеді. Егін орағы Кубанда таяу күндер ішінде аяқталады. Бірақ, біз егінді орып алумен жұмыс бітпейтінін жақсы түсілеміз. Біздің ең басты міндетіміз бірінші парызды дер кезінде орындау—мемлекетке астықты мерзімінен бұрын тапсыру болатын.

Быйыл Кубань елімізге 64 миллион пұт астық беруге тиіс. Бұл сыяқты әрі жауапты әрі хұрметті тапсырманы біз аброймен орындаймыз. Бұған біздің Отан

жігері өте жоғары. Павлов МТСның комбайншысы Заплюйко Александр Иванович 14 жұмыс күні ішінде «Сталинец» комбайнымен 609 гектар егін жыйнады. Буйбышев МТСның комбайншысы Вовк Григорий Иванович 14 жұмыс күні ішінде «Коммунар» комбайнымен 400 гектар егін жыйнады.

Өлкеміздің колхоздары мен совхоздары бәлшең өнімге берік негіз қалау үшін күздік егісті агротехникалық ең қолайлы мерзімде өткізуге ұйғарып отыр. Біздің мақсатымыз 1946 жылы күзде егінді өткен жылығыздан көп егу. Мұның өзі Кубандағы негізгі дәнді егіс болып саналатын күздік бидай егісін бұрынғы қалпына келтіруге қосылған үлкен үлес болатын.

Өлкеміздің колхоздары мен совхоздарында, МТСтарында астық тапсыру жөніндегі міндеттемені мерзімінен бұрын орындау, күздік егісті дер кезінде өткізу жолындағы социалистік жарыс бұрынғыдан да кең өрістетілуде.

Сіздерді біз астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындау, күздік егісті ең қолайлы мерзімде сапалы өткізу жолында Бүкіл Одақтық Социалистік жарыс ұйымдастыруға шақырамыз.

Біз мынадай міндеттемелер қабылдаймыз:

1. Астық дайындаудың жылдық жоспарын әрбір колхоз, әрбір совхоз, мерзімінен бұрын—1945 жылғы 25 октябрьге дейін толық орындауын қамтамасыз етеміз.
2. Күздік егісті ең қолайлы агротехникалық мерзімде, 20—25 жұмыс күні ішінде өткіземіз. Күздік егіске таңдаулы тұқым себеміз.

Жолдастар, колхозшылар мен колхозшы әйелдер, совхоздар мен МТСтардың қызметкерлері, ауыл шаруашылығының мамандары! Колхоздардың бірінші парыз—мемлекетке астық тапсыру жұмысын мерзімінен бұрын орындауға, сонымен қатар, күздік егісті үлгілі өткізуге, сөйтіп, 1945 жылғы егіннен мол өнім алу ісіне берік негіз қалауға, социалистік мемлекетіміздің соғыстық-экономикалық қуатын бұрынғыдан да нығайтуға барлық күшті жұмылдырайық.

Ұлы және айбынды Отанымыз жасағын!

Женістерімізді ұйымдастырушы, оған тем беруші большевиктер партиясы жасағын!

Халықтардың сүйікті көсемі Қызыл Армияның данышпан қолбасшысы Советтер Одағының Генералиссимусы Сталин жолдас жасасын!

Бұл үндеу Краснодар өлкесінің барлық колхоздарында, совхоздары мен МТСтарында талқыланып, қабылданған.

лудень, Петропавл және Конохов аудандарының колхоздары қыстаулап тасуда тіпті артта қалып, бүкіл облысымызды кейін тартуда. Мәселен ауданында қыстауларға тасылған пішен мөлшері 156 тоннадан аспай ШӨП СҮРЛЕУ. Колхоздарда 30006 тонна шөп сүрленіп, жоспар центорындалды. Өйтседе Приешім және Октябрь аудандарының көп мал азығын сүрлеу жоспары әлі орындалған жоқ. Ал қалған 9 а азығы жоспардан тыс сүрленіп жатыр.

## Комбайндар жұмысқа толық пайдаланылс

Ленин ауданының алдыңғы қатарлы колхоздарында бітік егінді дер кезінде, ысырапсыз жыйнап алу жұмысы бірден-ақ қыза түсті. Колхозшылар мен колхозшы әйелдер және тракторшылар егін даласында аянбай еңбек істеп, еңбек өнімділігін арттырды. Мәселен, «Еңбек» колхозының атақты лобогрейкашы Окан Сауытов карт қазірдің өзінде 100 гектарға таяу егін орды. Егін ору жөніндегі оның күнделікті көрсеткіші соңғы кезде 12-13 гектарға жетіп жүр. Сауытов картпен үзексіз келе жатқан лобогрейкашы Божасов жолдас та Қазақ ССРның 25 жылдығы атындағы социалистік жарыс туын жоғары ұстап, еңбек өнімділігін күн санап арттырып келеді. Колхозда мұндай таңдаулылар бір нешеу.

Міне, колхозшылардың қажырлы еңбек істеуі нәтижесінде мұнда 13 августқа дейін 300 гектардан аса егін орылды.

Орылған егін дереу бастырылып, алынған астық мұқият тазартылуда, сөйтіп мемлекет қоймасына жөнелтілуде. Колхоз қазірдің өзінде мемлекетке 500 пұттай астық тапсырды.

Егін жыйнау жұмысының ұйымдастырылуы «Советский», Чкалов атындағы тағы басқа сол сыяқты колхоздарда да жаман емес.

Бірақ, ауданды жалпы алғанда егін жыйнау жұмысының барысы ойдағыдай деуге болмайды. Өйткені быйыл колхоздар 10389 гектар кара бидай жыйнауға тиіс болса, мұның 5000 гектардайы ғана жыйналды. Аудан колхоздары егін жыйнауға 1 августтан бастап кіріскенін және ауданда күшті комбайн паркі бар екендігін еске алатын болсақ, кара бидайды орып бітіруге мұнда мүмкіндіктің жеткілікті екендігі даусыз. Алайда, сол мүмкіншіліктер бітік егінді дер кезінде, ысырапсыз жыйнап алуға түгел жұмылдырмай келеді. Мұнымен бірге, кейбір колхоздардың басшылары комбайнға сеніп, егін жыйнауға жай машиналардың

толық пайдаланылуын қамтам отыр.

Мысалға Грищенко жолдас болып істейтін Сталин колхозы алайық. Мұнда 11 л бар. Мұның күні бүгінге дейін жұмысқа қосылған. Ал қалған грейка әлі күнге дейін жөндеу хоз председатели Грищенко жолдас МТСтан 2 комбайн келгенді тұтатып көрінеді. Шынында 2 ның аты бар да, заты жоқ, сайын 5-7 гектардан артық егі алмай отыр.

Осы сыяқты, «Красный» председатели Теслюк жолдас) ның басшылары да комбайн егін жыйнауға егін жыйтайтын машиналардың толық қатыстыры тамасыз етпей отыр. Істің жағ жиян» және «Память Ильича» дарында да осындай болып оты

Ауданда үш машина-трактор сы бар. Олардың ішінде егін ж барысында әсіресе жоғары да ат хоздарды қамтитын Ильич атын көшіргісіз артта қалып қойды, та 26 комбайнның күні бүгінге хоздарға 10 ғана жіберілді, ал ры әлі МТС орталығында тұр.

нау басталғалы МТСтың комбайн бары 29 гектар ғана егін

Ал МТС бойынша 4 мың гектар дайдың 385 гектары ғана оры рысында кара бидай барлық көгелдей дерлік пісіп, дәнді түсі Не пайда. МТС директоры Лаш дас «жанар май жоқ» деген бөг бетке ұстап, пісіп тұрған егін налуын көріне-көзге кешеуілдет

Бұл айтылғандар Ленин а колхоздарында бітік егінді дер ысырапсыз жыйнап алу үшін б рес жүргізілмей отырғандығын ды.

А. БУ  
Б. ЕЛЕУ

## Астық тапсыру жоспары орындалды

Быйыл Петропавл депосының көмекші шаруашылығында өмөш вен картофтан дәнді егіннен бітік егін өсірілді. Қазір көмекші шаруашылық қызметкерлері мол өнімді қызу қарқынмен жыйнауға.

Көмекші шаруашылық қызметкерлері

егінді қызу қарқынмен жыйна тар, мемлекет алдындағы боры да ойдағыдай өтеуде. Олар 10 а дейін мемлекетке астық тапсың рын 100 процент орындап шық

Қ. СМА

# Қазақ халқының Ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың туғанына 100 жыл 1945

## Ілым таппай мақтанба

ай мақтанба,  
і баптанба,  
шаттанба,  
і нұлуга,  
і қашық бол,  
асық бол;  
десеңіз,  
ің алдында,  
жесеңіз.  
і мақтаншақ,  
ігер мал шашпақ,  
аның білсеңіз,  
ік, төрең ой,  
қым, ойлап қой,  
іс көмсеңіз,  
ігерсең нәфретлі,  
іңіл тыйсаңыз,  
ігерсең гибратлі,  
іжыйсаңыз?  
ідай немесе,  
іқыйсаңыз?  
іұқсап бақ,  
ік көрсеңіз,  
імақ қайда?» деп  
ілым сүйсеңіз.  
ікім бөрең,  
ітып сенсеңіз.  
ізі, мал да өзі,  
іөңіл берсеңіз.  
ің сөзіне,  
ің ерсеңіз,  
іңей сенбеңіз,  
іөз көлсеңіз.  
ійтты, бәй айтты»,  
імейлі, сол айтты,—  
і жеңсеңіз.  
і бәй бермей  
імен өлсеңіз.  
і емес қой

Күпір болдым демес қой,  
Қанша қарөй көлсеңіз.  
Көп көзіне көріне айтпа,—  
Біздің сөзге ерсеңіз.  
Мұны жазған кісінің  
Атын білме, сөзін біл,  
Осы жалған дүниеден  
Шөшен де өткен не бүлбүл,  
Көсем де өткен не дүлдүл.  
Сөз мәнісін білсеңіз,  
Ақыл мизан өлшеу қыл  
Егер қыйсық көрінсе,  
Мейлің таста, мейлің күл;  
Егер тузу көрінсе,  
Ойлап-ойлап құлаққа іл.  
Ақымақ көп, ақылды аз,  
Дөме көптің сөзі бұл.  
Жаңынның сөзі тәтті деп,  
Жақыным айтты дей көрме!  
Надандықпен кім айтса,  
Ондай түпсіз сөзге өрме.  
Сізге айтамын қаупім бұл,  
Өзің үшін үйренсең,  
Жамандықтан жиренсең,  
Ашыларсың жылма-жыл.  
Біреу үшін үйренсең,  
Біреу білмес, сен білсең,  
Білгеніңнің бәрі тұл.  
Сөзіне қарай кісіні ал,—  
Кісіге қарап сөз алма!  
Шын сөз қайсы біле алмай,  
Өнерседен құр қалма.  
Мұны жазған білген құл.  
Ғұламһи—Дауани  
Солай дейді—ол шыншыл.  
Сөзін оқып және ойла,  
Тез үйреніп, тез жойма,  
Жас уақытта көңіл гүл.

1886-жыл.

## Әсемпаз болма әр неге

өлме әр неге,  
өлсең, арқалан.  
р нірліш дүниеге,  
п та бәп қалан!  
\* \* \*  
он ақыл жол табар,  
да құғанға.  
апқат нінде бар,  
сар туғанға.  
\* \* \*  
екеу соңғысыз,

Пайданы көрсең, бас ұрып,  
Мақтанды іздеп қайғы алма!  
Мініңді ұрлап жасырып,  
Майданға түспей бәйгі алма!  
\* \* \*  
Өзіңде бармен көзге ұрып,  
Артылам дем өзгеден;  
Күндестігін қоздырып,  
Азапқа қалма ездөден!  
\* \* \*  
Ақырын жүріп, анық бас,

## Абайға

Күміс сапты піспекпен  
Жыр сабасын піскенде,  
Сырлы аяқты қолға алып,  
Жыр шарабын ішкенде.

Абайдан шыққан асыл сөз  
Бәйге жігер бергенде,  
Ой қыялым өрістеп,  
Жүйріктөй жүйтікіп, жөлгенде.

Абайдан шыққан асыл сөз  
Көнтөгі бүлтты түргенде,  
Таң шөлпаны—жұлдыздай  
Шығыстаң шығып, күлгенде.

Абайдан шыққан асыл сөз  
Арнасынан асқанда,  
Көгілдір, түпсіз дариядай  
Толқыны тулап, тасқанда.

Абайдан шыққан асыл сөз  
Самал жолдей өскенде,  
Мір оғындай өткір жыр  
Жау қамалын тескенде.

Абайдан шыққан асыл сөз  
Ұрпаққа жыр боп қалғанда,  
Абай деп миллион қосылып,  
Шырқата өнге салғанда.

Деймін мен де,—өй достар!  
Өлді деп Абай айтпаңдар,  
Барлық жерде, барлық тілде  
Абай сөзі жатталар.

Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

## Ақынға

Ғасыр толды ұлы адамға  
Дүниеге көлгелі,  
Ұзақ жылдар ақынның—  
Бізге мұра еңбегі.

Өрен жүйрік сөз шебері  
Жыр атасы—ұлы Абай,  
Қаратүнек сөл өмірде  
Жарқ еттің бейне намағай.

Өз халқының өмірін  
Қайғылана көріп өң,  
Көнге қазақ халқына  
Жырдан жеміс бөріп өң.

Қара міне, бақытты өлді,  
Көмеңгер ақын ұлы Абай,  
Бізге бақыт, бізде шаттық  
Тасыған дәулет өлім бай.

Ақын Абай, көмеңгер  
Ақылшымыз, данамыз,  
Жаттап асыл жырларыңды  
Сенен үлгі аламыз.

## Абайдың ғақлия сөздері

### ОТЫЗ ЕКІНШІ СӨЗ

Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмей көресі. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмей іздегенмен табылмас. Әуелі білім-ғылым табылса, ондай мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты пәрсесіне керек болар еді деп іздемекке керек. Оның себебі, білім-ғылымның өзіне ғана құмар ынтық болып, бір ғана білмектің өзі дәулет білсең, және әр білмегенді білген уақытта көңілде бір рахат хұзур<sup>1</sup> хас<sup>2</sup> болды. Сол рахат білгеннің берік ұстап, білмегеннің тағы да сондай білсем екен деп үміттенген құмар махаббат пайда қылады. Сонда, әрбір естігенінді көңілің жақсы ұғып, анық сөз суретімен іске жайғастырып алады.

Егер дін көңілің өзге нәрсеге болса, білім-ғылымды бірақ соған себеп ғана қыламақ үшін үйренесің, ондай білімге көңіліңнің мейірімі асырап алған шенеңнің мейірімі секілді болады. Бастапқыдай болғанда тапқан шенеңнің мейірімі секілді болады. Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тездірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды. Екінші, ғылымды—үйренгенде ақылхат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек, бақасқа<sup>3</sup> бола үйренбе, азырақ бақас көңіліңді нысықтандырмақ үшін залалды емес. Көбірек бақас, адамды түземек түгіл, бұзады. Оның себебі, әрбір бақасшы адам хақты шығармақ үшін ғана бақас қыламайды. Жеңбек үшін бақас қылады. Ондай бақас хусидшілікте зорайтады. Адамшылықты зорайтпайды, бәлкім азайтады. Және, мақсаты ғылымдағы мақсұт болмайды, адамды шатастырып, жалған сөзге жеңдірмекші болады. Мұндай қыял өзі де бұзықтарда болады. Жүз, тура жолдағыларды шатастырушы кісі бір қыйсық жолдағы кісіні түзеткен кісіден садаға кетейн. Бақас өзі де ғылымның бір жолы бірақ оған хрсламу<sup>4</sup> жарамайды. Егер хрсламға өз сөзімізді тұрулық мақтаншақтық хусидшілік<sup>5</sup> бойын жөңсе, ондай кісі бойына қорлық келтіретін өтіріктен де, өсектен де ұрсып төбелесуден де қашық болмайды. Үшінші: әрбір хақықатқа тырысып іздібатымен көзін жетсе, соны тұт, өлсең айырылма, егерде ондай білгендігің өзінді жеңе алмаса, кімге нұя болды. Өзің хұрметтемеген нәрсеге бәтөннен қайтып құрмет күтесің. Төртінші: білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар; адамның ішінде бірі мұлахазағ, екіншісі берік мұхафәза қылу, бұл екі қуатты зорайту жаһатінде болу керек. Бұлар зораймай ғылым зораймайды.

Бесінші: осы сөздің онтоғызыншы бабында жазылған ақыл кеселі деген төрт нәрсе бар. Содан қашық болу керек. Соның ішінде дайымсыз салғырттық деген бір нәрсе бар, зинаһар<sup>6</sup>, жаным соған бек сақ бол әресе. Әуелі күдайдың, екінші халықтық, үшінші дәулеттің, төртінші гибраттың, бесінші ақылдың, ардың бәрінің дүспаны ол, ар бар жерде бұлар болмайды. Алтыншы ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын, көрсе қызарлықпен жеңілдік, я біреудің орынсыз сөзіне я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең мінездің беріктігі бұзылады. Оған соң оқын үйреніп те пайда жоқ, қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың? Қылам дегенің қыларлық, тұрам дегенің де тұрарлық, мінез де азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі қайраты бар болсын. Ол, бір ақыл үшін, ар үшін болсын. 1895 жыл

- 1 арапша-жақсылық, тыныштық деген мағнада
- 2 арапша-пайда
- 3 талас деген мағнада
- 4 күшілдік
- 5 арапша—сараңдық
- 6 Өзіміздік
- 7 арапша-күшілдік.
- 8 арапша-ойлау
- 9 арапша-көркейтү
- 10 арапша өте-мөте деген мағнада.

## РЕСПУБЛИКАМЫЗДА

### Астық тапсыру жоспарын облыста бірінші болып орындады

ТАЛДЫҚОРҒАН. Бөрітөбе ауданы облыста бірінші болып мемлекетке астық тапсырудың жылдық жоспарын орындап шықты. Қаратап, Панфилов аудандарының колхоздарында да мемлекетке астық тапсыру жұмысы ойдағыдай жүргізіліп жатыр. Бұл аудандардың колхоздары июль айындағы тапсырманы едәуір артық орындаған болатын. Август айының алғашқы онкүндігінде де астық тапсыру қарқыны күшті болды. (ҚазТАГ).

### Қызыл Армия қорына 100 центнер күріш тапсырмақ

ҚЫЗЫЛ ОРДА. «Кооператор» колхозының мүшелері күріш плантациясында жыйын өткізді. Бұл жыйын Жапонияға көрсетілетін жарияланғаны жөнінде Совет Үкметінің жасаған мәлімдемесіне арналған. Бірінші сөзді мол өнімші Алтай Дәуітбаева жолдас алды.

—Біз Үкметіміздің жасаған мәлімдемесін бірауыздан қуаттаймыз. Жапон сәтсіз кұмарларын ауыздықтап, Қызыл Шығыста да бейбітшілік орнату мәселесін мықтап қолға алатын уақыт жетті. Біз енді даласында аялбай еңбек етіп, жапон сәтсіз кұмарларын талқандауда қаһарман Қызыл Армияға көмектесеміз. Қызыл Армияны азық-түлікпен қамтамасыз етеміз.

Дәуітбаева жолдасының ұсынысы бойынша колхозшылар күрішті мейлінше қысқа мерзімде, қосрапсыз жыйнауға, Қызыл Армия қорына 100 центнер күріш тапсыруға сөз берді. (ҚазТАГ).

### Мерзімінен 24 күн бұрын

ҚАРАҒАНДЫ. Қарағандының № 1—2 көмір резервінің коллективі көмір шығарудың 8 айлық жоспарын мерзімінен 24 күн бұрын орындады.

Кеншілер айдың аяғына дейін 8 айлық жоспардан тыс 22 мың тонна көмір шығаруға ұйғарды. (ҚазТАГ).

### Егін жыйнау жоспарын артық орындады

СЕМЕЙ. Шар МТСның комбайншылары Бүкіл Қазақстанның жарысқа қосылып, едәуір табыстарға жетті. «Пробуждение» колхозында комбайншы Елубаев жолдас күн сайын 20—25 гектар жердің егінін жыйнайды. Ол қазірдің өзінде 230 гектардан аса егін жыйнады.

«Светлый путь» колхозында Петр Бабченко 220 гектар егін жыйнады. Барқа бірінші комбайншылар та комбаймен

өзен күрлідеп,  
\* \* \*  
Ғаш жапырағы  
сып өзді-өзі.  
жердің топырағы  
жасыл жер жүзі.  
\* \* \*  
Ғырып ән қосып  
пен айтаққа,  
те едің жол тосып

Талмаңдамай тамтылып,  
Бір суынып, бір ысып.  
Дәм ала алмай дамылып,  
Елең қағып бос шошып.  
\* \* \*  
Сөз айта алмай бөгеліп,  
Дүрсіл қағып жүрегі;  
Тұрмап па еді сүйеніп,  
Тамаққа кіріп иегі?!

1898-жыл.

Жаттайды Абай сөзін әнге салып.  
Мадақтар Абайдайын ардақты ұлын  
Тарихқа алтынменен атын жазып.  
Мәңгілік жүрегіме мен де сақтап.  
Томдарын күнде оқыймын жүз ақтарып.  
Бақытты Сталиндік дәуірінде  
Абайдың ұлы даңқы өшпеуі анық.  
Абай өзі өлгенмен жыры тірі,  
Миллион жастар айтады жаттап алып.  
Абай—том, Абай—кітап, кино, драм,  
Умытпас ұлы ақынды көне тарих.  
Игібай ӘЛІБАЕВ.

## Абай күнін хұрметпен өткізуде

ҚЫЗЫЛ ОРДА. Облыстың еңбекшілері қазақ халқының ұлы ақыны Абайдың туғанына 100 жыл толуын хұрметпен өткізуде. Оқу орындарында арнаулы конференциялар болды. Абайды еске дүсіруге арналған жалпы қалалық жыйылыс

қа мыңдаған адам қатысты. Ақынның өмірі мен еңбегі туралы филология ғылымдарының кандидаты Музиеко жолдас тың баяндамасын көпшілік ықпалмен тыңдады. (ҚазТАГ).

хоашыларының бастауымен Сайрам ауданында мемлекетке жоспардан тыс астық тапсыру көп өріс алды. «Ленинский путь» колхозы ауланың ең алды болып жоспардан тыс 200 пұт астық, «Қызыл жұлдыз» колхозы 900 пұт астық тапсырды. «Белме воды», «Трудовик», «Комбайн» колхоздары мемлекетке әрқайсысы жоспардан тыс 600 пұттан астық тапсыруға қауып шығарды. (ҚазТАГ).

Мұхтар ӘУЕЗОВ.

# Абай Құнанбаев—қазақ халқының ұлы ақыны (1845—1904)

Абайдың ұлы ақыны Абайы Семей облысы Шығыстауы ұруының кең жайлауында йдың әкесі Құнанбай Тобықбасымсы, өзіміз қатыгез н.

ла кезінде әкесінің төрт әйелі тігі ішінде өсті. Бұл күндес ауыр әсер етті. Бірақ, Абайыма оның туған анасы Ұлақ мінезді, мейірбанды тамаша а. Ұлжан Абайды басқа балаларымен көріп, әлештеді. Шыңайымның орнына оны ерке деп атады. Оның бұл есімі на кетті.

Адам бөлек өмір сүрген Абайның анасы Ұлжанға қарт шекеп демеу болды. Бұл екі ана орлығы, мейірімі арқасында індей қатыгез болмай, жұмсақ тып өсті.

Семейде Абай Семейдегі имам Ахын мәдресесіне оқуға жіберілді. Оның ішінде зейінді Абай заман көп білім алды. Ерте бастан ақындыққа құштарланды. Абайы, түрлі ақындарының шығармаларын оқыды. Мұнымен бірге те, орыс әдебиетіне көңіл қояр мектептің тыйымына қарап бөтіммен орыс мектебіне кіріп діресөз оқын жүрген кезінде өлең жаза бастады. Терең ойы Абай сол мектептің өзінде-ақ адалатын еді. Бірақ әкесі меуге баулу үшін оқудан қай-

Сөйтіп, Абай жас кезінде-ақ елдің дау шарына араласты. Елдің дауы билікпен шешілетін заманда Абайға билердің шешендігіне, тапқырлыққа үйрену керек болды. Көп ұзамай ол өткір тілді, сөз тапқыр шешен болды. Оның үстіне Абай өзінен бұрынғы ақындардың өлеңдерін, тауып айтқан сөздерін жатқа білетін.

Абай алғашқы өлеңдерін шығыс әдебиетіне еліктеп жазған болатын. Кейіннен қазақтың халық өлеңдеріне сүйене бастағаннан кейін оның өлеңдері қазақ халқына тән жаңа түр алды. Келешек тегі ақынның бейнесі сол кездің өзінде-ақ көріне бастады.

Еріксізден ел дауына қатысқан Абай көпке дейін әкесі Құнанбаймен араз болды. Әкесінің қатаалдығына, әделетсіздігіне көне алмады. өзіне келген дауды әділеттілікпен шешіп, әкесіне қарсы келген кездері болып жүрді. Тұра бара, Абай 28 жасқа келгенде, әкесімен біржолата ажырасты.

Енді Абай өзінің өмір жолын өзі белгілей алатын болды. Ең алдымен ол қайтадан орыс тілін үйренуге кірісті. Ақындар, әншілер, қырдың талапты жастары, Семейде кездескен ол кездегі орыс интеллигенциясының таңдаулы адамдары Абайдың досы болды. Ең жетіп мәдениетті болған Абай халық әдебиетін, шығыс ақындарының шығармаларын, әсіресе орыс классиктерінің шығармаларын тағы да үйренуге кірісті. 35 жасында Абай ақындыққа қайта оралды. Бірақ ол бұл кездегі өлеңдерін де досы Көкнай атынан жазып жүрді. Тек 1886 жыл-

дың жазында 40 жасында Абай алғаш рет «Жаз» деген тамаша өлеңін өз атынан шығарды. Сонан бастап 20 жыл бойына ол ақындықпен шұғылданды.

Осы кездің өзінде ақын феодалдық-рушылдық салттан бір жолата көңілі қайтып, оған қалайда құтылуға тырысты. Жас кезінде амалсыздан ру таластарына қатысқан Абай бұл таластың халыққа зияндылығын ақын түсіне бастады. Өз халқының тағдырын Абай көп ойластырды. Ер жеткен кезіндегі өлеңдерінде ол қазақ халқының ауыр халін қайғырты. Тек қайғыртып қана қоймай, халықтың көзін ашуға тырысты, ру бастылардың, ақ сүйектердің жолсыздығын, орынсыз қылықтарын өлеңдерінде қатты мінеді, қалың бұқараны білім алуға шақырды.

Бұл кезде Абай өзінің білімін арттыруға шын ынтамен кірісті. Ол орыс классиктерінің шығармаларын көп оқыды. Ол Чернышевскийдің, Добролюбовтың шығармалары рухында тәрбиеленген, 70-және 80-жылдарда аударылған орыс революционерлерімен, оның ішінде атақты жазушы Шелгуновтың жақын серігі В. П. Михайлиспен танысты. Онымен, Нифонт Долгополовпен, Северин Гросспен тығыз байланыс жасаған Абай көп ұзамай жақсы дос болды. Олар жазды күні Абайдың аулына қонаққа келіп жүрді, қысты күні хат жазысып тұрды. Орыс достары Абайдың білім алуына көмектесті. Мұнымен қатар Абайдан қазақ халқының тарихын, әдет-ғұрпын, халық әдебиетін, көркем өнерін шаруашылық-әлеуметтік қалпын үйренді. Олар қазақ еліне Пушкиннің, Лермонтовтың, Салтыков-Щедриннің, Лев Толстойдың, Чернышевскийдің, Добролюбовтың шығармаларын таратты. Олардың тәрбиесі әсерінен Абай орыс мәдениетінің ұлы мұрасын мейлінше хұрметтейтін болды.

Абай өзінің ой-арисін кеңейтті. Ол Крыловтың, Пушкиннің, Лермонтовтың шығармаларын қазақ тіліне аударып, өз халқына таратты. Қазақтың халық му-

зыкасына жетік Абай өзінің өлеңдеріне арнап жаңа әндер, қазақ поэзиясының жаңа түрлерін шығарды. Ол Пушкиннің «Евгений Онегин» романынан үзінділер аударып, бұған арнап ән шығарды. Абайдың осы еңбегі арқасында Онегин мен Татьянаның аттары, олардың жазысқан хаттарының сөздері 1887 жылдың өзінде-ақ Пушкиннің атымен қазақ даласына тарайды.

Бұл кезде Абай әрі ақын, әрі ойшыл данышпан, әрі ән шығарғыш композитор болып қазақ даласында даңқы шықты. Қазақ даласының түпкірлерінен Абайға ақындар, әншілер, күйшілер келіп тұратын болды. Абайдың ақын шәкірттері Көкнай, Мұқа, Ақылбай, Кекетей, Абайдың ең ұлы Мағауия өздерінің ұстазы төңірегіне топталды. Олардың бәрі де білім алып, орыс әдебиетін үйренді, ұстазы көрсеткен тақырыпқа өлеңдер, поэмалар, романдар жазды.

Өкмет орындарынан қысым көріп, қазақ даласына келген шығыс елдерінің игі ниетті адамдары, көбінесе татар жастары Абайдың төңірегіне жыйнала бастады. Сібірден кашып, қазақ даласынан елдеріне қайтып бара жатқан Кавказдықтар Абайдың аулында айлап жатты, Абайдың аулы ол кездегі қалың қатарлы адамдардың ұйытқысы бола бастады.

Қазақ даласын басқаратын өкмет орындары мұнан едәуір хауіптенді. Абайдың ауылын бақылайтын астыртын тыңшылар қойды. Пристоптар, урядниктер, болаштар Абайдың ізін үнемі бақылап жүрді.

Абайдың шәкірттері жыл санап көбейе берді. Қалада оның ықпалы орасан күшейді. Абай батыс және орыс жазушыларының шығармаларын таныта отыратын. Оны естігендер бұл шығармаларды оған әрі ел арасына тарата берді. Дюманың «Үш мүшкетері», «Генрих Наварский», Лесахынның «Ақсақ сайтан» деген шығармасы, Ұлы Петр туралы халық аңызы қазақ

даласына осылайша таралды. Абай әңгімелеп айтқан тағы басқа бірсыпыра шығармалар: Америка даласын алғаш мекен деген адамдар туралы романдар, Лермонтовтың поэмалары «Шахнама», «Ләйлі Мәжнун», «Көр ұғлы» сыяқты шығыс поэмалары ауыздан-ауызға айтылып, халық арасына тарай берді.

Абай өз балаларының бәрін оқытып, басқа жұртқа үлгі көрсетті. Оның шәкірттерінің арасында ең талантты ақындар ұлы Мағауия мен Ақылбай болды. Олар әкесінің кеңесі бойынша Ніл дариясы бойындағы күлдардың хожаларына қарсы күресі, шайх Шамильдің патша үкметіне қарсы күресі туралы поэмалар жазды. Абай мектебінен шыққан Көкнай, Бейсембай сыяқты басқа ақындар қазақ халқының өткен өмірінен тарихи поэмалар жазды. Абайдың тапсыруы бойынша Көкнай халық батыры атақты Кеңесары туралы поэма жазды.

Бұл шығармалардың бәрі қол жазба мен жөне ауызбен халық арасына тарала берді. Пушкиннің, Лермонтовтың шығармалары, тіпті Байрон мен Гетең өлеңдері де осылайша таралды.

Абайдың және шәкірттерінің осы әр алуан қызметі ол кездегі қазақ ауылының артта қалған рушылдық-феодалдық қалпына қарсы, патша үкметінің төртбіне қарсы күрес болды. Сондықтан қырдың шонжарлары Абайға қатты өшпінді. Олар патша үкметінің төрелерімен, тілмәштермен сөз байласып, қалайда Абайды мұқатпақ болып, көзін жоймақ болды. Олар халық арасында беделі күшті Абайға ашықтан-ашық қарсы шыға алмады. Сондықтан олар астыртын қыймылады. Абайға қашаннан өшігіп жүрген ру басшыларының бірі Оразбай қала мен дала шонжарлары арасындағы Абайға өш адамдарды төңірегіне жыйнап, Абайға жала жабуға, оның шәкірттерін қудалауға кірісті. 1897-жылы олар Абайды өлтірмек болды. Абайдың үстінен шағым арыздар жаудырды. Бұл арыздар бойынша Семей

дің полициясынан адамдар келіп, Абайдың ауылын тінтті.

Губернатордың өзі де талай рет Абайдың көзін жоймақ болды. Бірақ халықтың қарсылығынан хауіптеніп, Абайды жер ауып келген достарынан бөлектеу мен қанағаттанды.

Бірақ мұның бәрі халықтың Абайды хұрметтеуіне бөгет бола алмады. Абай қазақ халқының қиын қыстау кездегі, ел арасындағы істер жөніндегі данышпан ақыншысы, кеңесшісі болды. Өкмет орындары шеше алмаған ел арасындағы дауларды Абай шешетін. Елдің өзі, ағайын арасы Абайдың әділ сотына жүгінетін.

Абайдың шығармалары әсіресе қазақ жастары арасына көп таралды. Ас, тойларда жастар оның өлеңдерін әнге қосып айтатын. Қыз бен жігіт Абайдың өлеңі мен бір-біріне хат жазатын. Ұзатқан қыз Абайдың қол жазба өлеңдерін, поэмаларын өзімен бірге ала кететін.

Қырдың қара жүректері Абайдың халық арасында мұндай қадірлі болуын көре алмады, оған қатты өшпінді. Олардың жалқан жаласы, таратқан өсегі ақынның жүрегіне ауыр жара салды. Жалақорлар Абайдың туысқандарын оған қарсы айлап салды. Абайдың достарын қуалады. Міне осындай бөле мен жала жайлаған ауыр тұрмыста Абайдың жақын адамдарының, әсіресе ұлы Әбдірақманның өлімі Абайға өте-өте қатты батты. Ауыр күрестен қажыған қайғы басқан Абайға сүйсініп ұлы талантты ақын Мағауияның өлімі жайдың оғындай тиді.

Ауыр қайғы басқан ақын Мағауияның өлімінен 40 күннен кейін 60 жасында да қайтыс болды.

Ол Шығыстау маңындағы Жидебай алабындағы өзінің қыстауы маңында қойылды.

Жауапты редактор  
Ө. ОСПАНОВ.

УШ 00327.